

Біржан сал ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 27 қарашадағы № а-12/310 "Біржан сал ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақмола облысы Біржан сал ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 23 маусымдағы № а-5/169 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 маусымда № 7916 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына сәйкес және "Ақмола облысы Біржан сал ауданының әкімшілік-аумақтық құрылымын өзгерту туралы" бірлескен Ақмола облысы әкімдігінің 2019 жылғы 13 желтоқсандағы № А-12/623 қаулысының және Ақмола облыстық мәслихатының 2019 жылғы 13 желтоқсандағы № 6С-40-9 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде № 7588 тіркелген) негізінде, Біржан сал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Біржан сал ауданы әкімдігінің "Біржан сал ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" 2019 жылғы 27 қарашадағы № а-12/310 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізілімінде № 7518 тіркелген, 2019 жылы 28 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 2 қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары К.Д. Шәймерденовке жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Біржан сал ауданының әкімі

Е.Нугманов

"КЕЛІСІЛДІ"

*"Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитетінің
Ақмола облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаментінің
Біржан сал ауданы бойынша мемлекеттік
кірістер басқармасы"
республикалық мемлекеттік мекемесі*

Біржан сал ауданы әкімдігінің
2020 жылғы "23" маусымдағы

Біржан сал ауданының ауылдық елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

№ р/н	Біржан сал ауданының ауылдық елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуы	Аймаққа бөлу коэффициенттері
1	Аңғал батыр ауылдық округі	
	Аңғал батыр ауылы	1,5
	Жаңалық ауылы	1,5
2	Баймырза ауылдық округі	
	Баймырза ауылы	1,5
	Шошқалы ауылы	1,5
3	Біреуат ауылдық округі	
	Біреуат ауылы	1,5
	Сәуле ауылы	1,5
4	Уәлиханов ауылдық округі	
	Уәлихан ауылы	1,5
	Алға ауылы	1,5
5	Донской ауылдық округі	
	Андықожа батыр ауылы	1,5
	Тасшалқар ауылы	1,5
6	Еңбекшілдер ауылдық округі	
	Еңбекшілдер ауылы	1,5
	Актас ауылы	1,5
	Ақбұлақ ауылы	1,5
7	Заурал ауылдық округі	
	Заураловка ауылы	1,5
	Құдықағаш ауылы	1,5
	Яблоновка ауылы	1,5
8	Макинка ауылдық округі	
	Макинка ауылы	1,5
	Бұланды ауылы	1,5
	Қарағай ауылы	1,5
	Қаратал ауылы	1,5
	Қоғам ауылы	1,5
	Мақпал ауылы	1,5

	Үлгі ауылдық округі	
9	Үлгі ауылы	1,5
	Жөкей ауылы	1,5
	Карловка ауылы	1,5
	Қызылұйым ауылы	1,5
	Трамбовка ауылы	1,5
	Ұйымшыл ауылы	1,5
	10	Ақсу ауылы
11	Заозерное ауылы	1,5
12	Кеңашы ауылы	1,5
13	Краснофлотское ауылы	1,5
14	Мамай ауылы	1,5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК